

Жоспарлардың орындалуы туралы есеп  
кешенді даму бағдарламасы бойынша карта  
КБ және П кафедрасында

ҚарТУ-дың 2020 жылға арналған кешенді даму бағдарламасы бойынша "кәсіптік білім және педагогика" кафедрасында "Рухани жаңғыру" мемлекеттік бағдарламасы аясында "Қазақстан Республикасының рәміздері-ұлттық мақтаныш" тақырыбында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне арналған 18-2с, БӘД-19 - 1 топтарының кураторлық сағатында эссе байқауы ұйымдастырылды.

Күні мен уақыты: 15.10.2020 ж., 14: 00 сағ.

Өтетін орны: 1 корпус, 620 аудитория, тимс платформасы

Топ: КО -18-2с, АӘД-19-1

Студенттер саны: 18.

Тақырыбы: Қазақстан Республикасының рәміздері-ұлттық мақтаныш»

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері — Елтаңба, Ту, гимн — кез келген заманауи егемен мемлекеттің ажырамас бөлігі болып табылады.

Байқаудың мақсаты-белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру.

Байқаудың міндеттері:

- студенттердің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін жинақтау;
- білім алушыларда Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне құрметпен және ұқыпты қарауға тәрбиелеу;
- білім алушылардың бойында отансүйгіштік және өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу;
- ҚР Мемлекеттік рәміздерін қорлағаны үшін жауапкершілік туралы білімді қалыптастыру.

Байқауды өткізу студенттер дайындаған слайд-презентацияны көрсетумен сүйемелденді. Байқаудың модераторы КО-18-2с тобының кураторы Талипов К. А. болды.

Байқауды өткізу барысында студенттер әнұранның, Елтаңбаның және тудың авторлары, сонымен қатар барлық құраушы элементтердің құрылу тарихы, мағынасы және геральдикалық мағынасы туралы эссе оқыды.

Үздік 3 эссе таңдалды.

Байқау соңында Қазақстан Республикасының Әнұраны шырқалды.

КБ және П кафедрасының аға кураторы С. К. Курымбаева